«КЕЛІСЕМІН»
Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы
__________ А.Юнисова
__________ 2023 жыл

«БЕКІТЕМІН»
Ақтөбе облыстық өнер музейі директоры
__________ М.Габдрахманов
__________ 2023 жыл

**Әбілқайыр ханның 330 жылдығына арналған «Ғұндар кезеңі» халықаралық саябақ мүсіндерінің онлайн фестивалінің**

# ЕРЕЖЕСІ

**2023 жылы 1 мен 25 тамыз аралығында** Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласында халықаралық саябақ мүсіндер фестивалі өткізіледі.

**Фестиваль құрылтайшылары:** Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы.

**Фестиваль ұйымдастырушысы:** Ақтөбе облыстық өнер музейі.

**Фестиваль тақырыбы:** Тақырыптың негіздемесі болып - ежелгі көшпелі мұраның бейнесін ашу, Орта Азия мен Қазақстан тарихын, дәстүрлерін, қонақжайлылық қасиеттері мен мәдени тұрмысын көрсету.

**Фестиваль мақсаттары:**

- Көшпелі өркениет тарихын дәріптеу;
- Көшпелі мемлекет салтын насихаттау;
- Тас өндірудің амал-тәсілдерін табу, тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгерткен бағыттарын көрсету;
- Мүсін өнері арқылы болашақ ұрпақ тәрбиесіне мән беру;
- Қоғамда жастарды өнер дамуына зейін қойып, қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу;
- Заманауи мүсіншілердің шығармашылығын кеңінен насихаттау, заманауи көркемдік тенденцияларымен таныстыру;
- Музей қорын жаңа мүсін жұмыстарымен толықтыру, имиджін көтеру;

**Фестивалдің қатысушылары мен өткізілу шарттары:**

Жұмыстар кәсіби суретшілер - мүсіншілер, арнайы көркем оқу орындарының мүсін кафедрасының студенттерінен қабылданады.

Фестиваль 2 кезеңнен тұрады, олар:

I кезең - 2023 жылдың 1-20 шілде аралығында.

II кезең - 2023 жылғы 1 мен 25 тамыз аралығында.

**Фестиваль шарттары:**
- Фестиваль 2 кезеңде өтеді:
I кезең - II кезеңге қатысу үшін мүсіндік жобаларды іріктеу;
I кезеңде қатысушылар жұмыстарын ұйымдастыру комитетіне ұсыну қажет;
- Фестивальға қатысу үшін қатысушылар белгіленген үлгідегі өтінішті беруі керек (№1 қосымша)
- мүсіннің композициялық эскиздері бар бірнеше бағытта ұсынылған 3-4 фотоматериалдар және композицияның қысқаша сипаттамасымен шығармалардың жалпы өлшемдерін көрсету;
- Бір қатысушы 2-3 эскиз ұсынуға болады;
- Эскиздерді іріктеу үшін ұйымдастырушылар қалыптастыратын қазылар алқасы құралады, олардың құмына суретшілер одағының мүшелерімен, кәсіби мүсіншілермен, сәулетшілер кіреді;
- I кезеңнің қорытындысы бойынша қазылар алқасы 9 жобаны анықтайды
5-алыс және жақын шет елдердің қатысушылары, резидент еместер
4-қатысушы Қазақстан Республикасының облыстарынан;
- II кезең - 1 мен 25 тамыз аралығында – мүсіндік композициялар, масштаб пен материалға сай орындалуы тиіс;
- II кезеңге өткен фестивальға қатысушылардың әрқайсысы, ұсынылған жоба негізінде, материалға сай мүсіндік жұмыстарды орындау бойынша, шарттарға сәйкес жұмыс жасайды.

**Фестиваль қатысушылардың міндеттері:**
- Жұмыстар ракушняк тас материалымен орындалуы тиіс;
- Жұмыстардың көлемі кемінде (биіктігі) – *2х1х1м* болуы керек;
- Үлкен форматтағы жұмыстарға рұқсат етіледі;
- Фестивалға қатысушы шығармашылығы туралы (атағы және жетістіктері) қысқаша мінездеме және жұмыстарының портфолиосын ұсыну қажет.

**Фестивальдың өткізілу тәртібі:**
- Өтініштер **2023 жылдың 1 мен 20 шілдеге дейін** қабылданады;
- Қатысушылар жұмыстарды **25 тамызға дейін** почта арқылы, ережеде көрсетілген мекен-жайға жібереді;
- Ережеде көрсетілген мерзімнен кешіктірілген, эскизіне сай емес және сапасыз тапсырылған жұмыстар қабылданбайды, төлем жасалынбайды;
- Фестивальға қатысатын жұмыстар Ақтөбе облыстық өнер музейінің қорына қабылданады;
-Ұйымдастырушылар қатысушылардың жасаған туындыларының фотосуреттер мен баспа өнім құралдарына, басқада мақсаттарға (музей көрмелеріне қоюға, мәдениет шараларына) пайдалануға, ақысыз, әлеуметтік желілерде жариялау құқығына ие. Сондай-ақ авторлық құқық сақталады.
- Фестиваль қорытындысы бойынша көрме ұйымдастырылады.

**Фестивалдың қорытындысы:**
-Ұсынылған жұмыстар ережедегі талапқа сәйкес келген жағдайда фестивалдың әр қатысушысына ұйымдастырушылар тарапынан қатысушыларға *1 700 000 (бір миллион жеті жүз мың)* теңге оның ішінде (-

20% ққс), мөлшерінде төлем жасалады, ҚР Салық кодексінің 646-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы негізінде.

***- Тасымалдау және  жеткізу шығындары қатысушылар тарапынан төленеді.***

***- Мүсіндерді манипулятормен тасымалдау (20 сағат) Ақтөбе қаласының саябақтары мен алаңдары бойынша ұйымдастырушылардың есебінен жүзеге асырылады;***

- Өтінішті тікелей қатысушылар толтырады, өтініштің барлық тармақтарын толтыру міндетті;
- Қатысушылар жіберген құжаттар мен жұмыстар кайтарылмайды;
- Өтініштер мен жұмыстар  Қазакстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы,  74 үй, E-mail: muzeidecor@mail.ru электронды почтасы арқылы қабылданады.

**Байланыс телефоны: 8(7132) 55-47-53**

**Әбілқайыр ханның 330 жылдығына арналған «Ғұндар кезеңі» халықаралық саябақ мүсіндерінің онлайн фестиваліне қатысу туралы**

**ӨТІНІШ**

А.Т.Ә.________________________________________________________________
Туған күні, айы,жылы______________________жынысы__________________
Тұрғылықты мекен-жайы, индекс________________________________________
қала__________________________________________________________________
көшесі _______________ үй №______________ пәтер (офис)_______________
Телефон ______________ факс ____________ e-mail ______________________
Жеке куәлік № ____________________берілген уақыты_____________________
Қосымша:

1. Өтініш берушінің фотосуреті
2. Қысқаша шығармашылық түйіндемесі (жетістіктері, марапаттары, атақтары)
   ________________________________________________________________

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

3. Өтініш берушінің бұрын орындалған жұмыстарының фотосуреттері

Өтініш толтыру уақыты ________________________________________

Фестивалдің өткізілу тәртібі, Ережесі және барлық шарттарымен, талаптарымен таныстым.